

Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 желтоқсан N 1940

Қазақстан Республикасының почта саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорны және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындары мемлекеттің 100 проценттік қатысуымен "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қазпочта) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазпочта акцияларының мемлекеттік пакетін "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамының басқаруына берудің және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру стратегиясын әзірлеудің шарттарын белгілеу мақсатында қосымшаға сәйкес құрамда комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

3. Комиссия 1999 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде:

1) шарттарының бірі ретінде басқару мерзімін "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ААҚ-ында акциялардың мемлекеттік пакетін 50 процент қосылған бір акция мөлшерінде сақтауға дейін көзделген, Қазпочта акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру талаптарын белгілесін;

2) аудандық деңгейде және ауылдық жерлерде "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамының активтер құнын бағалауды жүргізісін;

3) почта-жинақ жүйесін дамыту стратегиясын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазпочтаның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Комиссия белгілеген шарттар негізінде Қазпочта акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамымен ш а р т ж а с а с с ы н ;

3) осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 1940 қаулысына қосымша

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.04. № 659
қаулысымен. P000659_

Қазпочта акцияларының мемлекеттік пакетін
"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік
қоғамының басқаруына беру шарттарын
белгілеу және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру
стратегиясын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамы

- | | |
|------------------------|----------------------------------|
| Өтембаев | - Қазақстан Республикасы |
| Ержан Әбілхайырұлы | Премьер-Министрінің |
| орынбасары, төраға | |
| Марченко | - Қазақстан Республикасы |
| Григорий Александрович | Ұлттық Банкінің төрағасы |
| (келісім бойынша) | |
| Сәйденов | - Қазақстан Республикасының |
| Әнуар Ғалимоллаұлы | Қаржы вице-министрі |
| Жолдасбеков | - Қазақстан Республикасының |
| Азамат Мырзаданұлы | Бағалы қағаздар жөніндегі |
| (келісім бойынша) | ұлттық комиссиясының төрағасы |
| Қанешов | - Қазақстан Республикасының |
| Біржан Бейсекенұлы | Көлік және коммуникациялар |
| вице-министрі | |
| Құзытбаева | - Қазақстан Республикасының |
| Ажар Қылымбекқызы | Әділет вице-министрі |
| Раханов | - Қазақстан Республикасы |
| Мақсұтбек Смағұлұлы | Қаржы министрлігінің Мемлекеттік |
| комитетінің төрағасы | мүлік және жекешелендіру |
| Мәсімов | - "Қазақстан Халықтық Жинақ |
| Кәрім Кәкімжанұлы | Банкі" ашық акционерлік |
| (келісім бойынша) | қоғамы басқармасының төрағасы |
| Ержанов | - Республикалық мемлекеттік |
| Оразәлі Сәнтайұлы | почта байланысы кәсіпорнының |
| бас директоры | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК